



## **2020-2021 ОҚУ ЖЫЛЫНДА ҚЫСҚЫ ЕМТИХАН СЕССИЯСЫН ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕСІ БОЙЫНША БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН ЖАДЫНАМА**

### **1. Жалпы ережелер**

- 1.1. Емтихан тапсыруға жіберу үшін пән бойынша ағымдағы оқу үлгерімі (АБ1, МТ, АБ2 орташа арифметикалық бағасы) 50 балдан кем болмауы қажет. Курстық жұмыстарды орындамаған білім алушыларға тиісті пән бойынша емтихан тапсыруға рұқсат етілмейді.
- 1.2. Ақылы негізде оқитын білім алушылар емтихан тапсыруға кіру үшін оқу ақысы бойынша қарызы болмауы керек.
- 1.3. Емтихандар жазбаша, тест немесе аралас түрде жүргізіледі. Онлайн режимде тапсыру үшін емтихан формасы мен платформасы кестеде көрсетіледі.
- 1.4. Белгілі бір пәндер бойынша емтихан кезінде сөздіктерді немесе калькуляторды қолдану үшін факультет деканаты рәсімдейтін арнайы шешім болған кезде ғана рұқсат етіледі.
- 1.5. Топтық жобалау жұмыстарынан басқа емтихан жұмыстары шифрланған түрде тексеріледі.
- 1.6. Емтихан кезінде білім алушыларға шпаргалкалар, ұялы телефондар, смарт-сағаттар және т.б. ақпараттарды тасымалдауға арналған құралдарды өзімен бірге алып кіруге және/немесе пайдалануға, басқа білім алушылармен немесе бөтен адаммен сөйлесуге, жауап парақтарына/жолдарына аты-жөнін жазуға және/немесе өзге де сәйкестендіру жазбаларын жасауға қатаң тыйым салынады.
- 1.7. Онлайн режимдегі емтихан тапсыру барысында компьютерде қосымша беттерді ашуға, қосымша экранды пайдалануға және т.б. қатаң тыйым салынады.
- 1.8. Білім алушылар өздерінің емтихан тапсырмалары мен жауап мазмұны туралы мәліметті беру үшін емтихан қабылдаушылармен және/немесе университеттің басқа да қызметкерлерімен байланысқа түсуге қатаң тыйым салынады.
- 1.9. Емтихан кезінде бейнежазба, прокторинг және емтихан жауаптарын плагиаттың барына тексеру жүргізіледі.
- 1.10. Осы ереженің 1.6-1.8 тармақтарының бұзылуы, сондай-ақ плагиаттың анықталуы академиялық адалсыздық деп есептеледі және емтиханға автоматты түрде «F» («қанағаттанарлықсыз») бағасы еш шағым жасау құқығынсыз қойылады. Академиялық адалсыздықтың қайталануы оқуға қайта қабылдану құқығынсыз университеттен шығаруға негіз болады.
- 1.11. Емтихан бейнежазбалары 6 ай бойы сақталады, осы аралықта білім алушылар тарапынан ереже бұзушылықтар анықталған жағдайда

емтихан бағасы жойылуы мүмкін. Емтихан бағасының жойылуы туралы ақпарат білім алушының жеке парақшасындағы транскрипте көрсетіледі.

- 1.12. Емтихандарды тапсыру туралы сұрақтар бойынша әл-Фараби атындағы ҚазҰУ сайтында көрсетілген контактілер бойынша Call-center-ге хабарласуға болады.

## **2. Off-line режимде емтихандарды тапсыру**

- 2.1. Off-line режимде емтихан тапсыру үшін білім алушы емтихан басталардан 30 минуттан кешікпей емтихан аудиториясына болуы тиіс.
- 2.2. Off-line режимдегі емтихан басталуынан 15 минут бұрын кезекші оқытушы білім алушыларды отырғызады, әрбір білім алушының отырғызу орындары көрсетілген келу парағына қолдарын қойғызады.
- 2.3. Кезекші оқытушы off-line емтиханға келген білім алушылардың жеке басын куәландыру құжаттары (жеке куәлік) бойынша тексеріс жүргізеді. Егер off-line емтиханды тапсыруға өзге тұлға келген болса, кезекші оқытушы тәртіп бұзылғандығы туралы акт толтырады, ал білім алушыға «F» («қанағаттанарлықсыз») бағасы қойылады.
- 2.4. Кешігіп келген білім алушылар емтиханға кіргізілмейді.

## **3. Online режимде емтихандарды тапсыру**

- 3.1. Емтихандар «Univer», «MOODLE», «Oqulyq» және т.б. платформаларда жазбаша, тест немесе аралас формада жүргізіледі.
- 3.2. Online режимдегі барлық емтихандар әл-Фараби атындағы ҚазҰУ сайтында жүктелген нұсқаулыққа сәйкес жүргізіледі.
- 3.3. Емтихан тапсыру үшін білім алушы тиісті платформаға кіріп, сәйкестендіруден өтіп, емтиханға берілген уақыт ішінде емтихан тапсырмаларын орындайды және емтиханды аяқтайды.
- 3.4. Егер білім алушы техникалық себептерге байланысты кестеге сәйкес емтиханға қатыспаған жағдайда, онда оған емтиханды келесі күні тапсыруға мүмкіндік алу үшін емтихан қабылдаушымен/топтың эдвайзерімен/оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы жөніндегі декан орынбасарымен хабарласуы қажет.
- 3.5. Егер білім алушы техникалық себептерге байланысты емтиханды келесі күні қайта тапсыра алмаса, онда «Incomplete» кезеңінде емтихан тапсыруға өтініш жіберуі қажет.

## **4. Емтиханды дәлелді себеппен ауыстыру (INCOMPLETE)**

- 4.1. Егер білім алушы емтиханға кіруге рұқсат алып, бірақ дәлелді себеппен емтиханға қатыспаса, онда ол емтиханды Incomplete кезінде тапсыруға рұқсат алуы үшін өтініш жазуы қажет.
- 4.2. Incomplete кезінде емтиханға кіру туралы өтініш әлеуметтік желі қосымшалары (WhatsApp, Telegram және т.б.) және электронды пошта арқылы емтиханға қатыспауының дәлелді себептерін растайтын құжаттардың көшірмесімен оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы жөніндегі декан орынбасарына жіберуге болады.

- 4.3. Incomplete кезінде емтихан тапсыруға рұқсат алу туралы өтінішті білім алушы растайтын құжаттарды алғаннан кейін 3 күннен кешіктірмей беруі қажет.
- 4.4. Егер Incomplete кезінде емтихан тапсыруға рұқсат алу туралы өтінішке рұқсат берілсе, онда факультет деканаты емтихан аяқталғаннан кейінгі кезеңге емтихандарды тапсыруға жеке кесте бекітеді.
- 4.5. Егер білім алушы Incomplete кезінде емтихан тапсыруға рұқсат алу үшін басқа пән(дер) бойынша емтиханды сәтті тапсырған уақыт аралығын қамтыған ауырғандығы туралы анықтама алып келсе, онда Incomplete бойынша емтихан тапсыруға рұқсат берілмейді.
- 4.6. Егер білім алушы Incomplete кезеңінде емтихан тапсыруға келмесе, онда оған тиісті пән бойынша автоматты түрде «F» («қанағаттанарлықсыз») бағасы қойылады. Бұл бағаны түзету үшін білім алушы келесі семестрде осы пәнді ақылы негізде қайта оқиды және одан емтихан тапсырады.
- 4.7. «Incomplete» кезінде «Univer» жүйесіндегі дәстүрлі жазбаша емтихандар «Оқулық» платформасына ауыстырылады, ал басқа емтихандар факультет бекіткен платформаларда өткізіледі.

## **5. «FX» бағасын қайта тапсыру**

- 5.1. Емтиханнан «FX» (25-49) бағасын алған жағдайда емтихан аяқталғаннан соң, «Incomplete» кезеңінде емтиханды ақылы негізде қайта тапсыруға болады.
- 5.2. «FX» бағасын қайта тапсыру үшін білім алушы «Univer» жүйесінде өзінің парақшасы арқылы өтініш береді, банк арқылы төлем жүргізеді және төлемнің түбіртегін «FX» бағасын қайта тапсыру үшін келісім-шарт пен өкім дайындауға деканат маманына жеткізіледі.
- 5.3. «FX» бағасымен емтиханды қайта тапсыруға бір рет қана рұқсат беріледі.
- 5.4. «FX» бағасын оң бағаға («өте жақсы» немесе «жақсы») тапсырған білім алушыға (мемлекеттік білім гранты бойынша) жалпы негізде шәкіртақы тағайындалады.
- 5.5. Егер білім алушы «Incomplete» кезеңінде «FX» бағасын қайта тапсыруға келмеген жағдайда, оған тиісті пән бойынша автоматты түрде «F» («қанағаттанарлықсыз») бағасы қойылады.
- 5.6. Егер білім алушы «FX» бағасын қайта тапсыру нәтижесінде «F» немесе «FX» бағасын алса, ол ақылы негізде осы пәнді келесі семестрде қайта оқиды және емтиханын тапсырады.

## **6. Емтихан бағаларына апелляция**

- 6.1. Емтихан бағасына келіспейтін білім алушы «Univer» жүйесінде емтихан нәтижелері қойылғаннан кейін 3 күн ішінде белгіленген үлгі бойынша аргументті жазбаша өтініш беруге құқылы.
- 6.2. Білім алушыдан апелляциялық өтініш әлеуметтік желі (WhatsApp, Telegram және т.б.) және электрондық пошта арқылы берілуі мүмкін. Өтінішті шағымданушы оқитын факультеттің оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы жөніндегі декан орынбасары қабылдайды.

- 6.3. Оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы жөніндегі декан орынбасары алынған бағаға шағымның аргументті негіздемесі жоқ апелляциялық өтініштерді қабылдамауға құқылы.
- 6.4. Апелляциялық комиссия төрағасының атына жазылған өтініш білім алушының өз атынан беріледі. Басқа тұлғалардан, оның ішінде білім алушының туыстары тарапынан апелляция қабылданбайды.
- 6.5. Апелляцияға тек жазбаша және аралас түрдегі жүргізілген емтихандар нәтижелері қабылданады.
- 6.6. Апелляциялық комиссия отырысы бекітілген кесте бойынша online режимде жүргізіледі. Өтініш беруші апелляцияның өткізілу күні мен уақыты туралы ақпаратты оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы жөніндегі декан орынбасарынан алуы қажет.
- 6.7. **Апелляцияға өтініш білдірген білім алушының қатысуынсыз қарастырылмайды.** Апелляциялық комиссияның отырысына бөтен тұлғалардың қатысуына рұқсат берілмейді.

### **7. Жиынтық баға негізінде емтихан балдарын қою**

- 7.1. Білім алушының жалпы құзыреттіліктерін қалыптастыратын пәндер (Жалпы білім беру пәндері топтамасы) бойынша қорытынды бақылау балдары жиынтық баға (АБ1, МТ, АБ2 орта арифметикалық бағасы) негізінде қойылуы мүмкін.
- 7.2. Базалық және бейіндік құзыреттіліктерді қалыптастыратын, сондай-ақ қорытынды аттестаттау (кешенді емтихан) және аттестаттау комиссиясының отырысын талап ететін пәндер бойынша («Қазақстанның қазіргі заман тарихы») жиынтық бағалауды қоюға **рұқсат берілмейді.**
- 7.3. Бейіндік емес пәндер бойынша қойылған жиынтық бағаға келіспейтін білім алушылардың 04.01.2021ж. дейін өз факультетінің деканатына өтініш беруге және сессия аяқталған соң, «Incomplete» кезеңінде емтихан тапсыруға мүмкіндігі бар.

### **8. Емтихандардың жүргізілуін мониторингілеу**

- 8.1. Емтихан сессиясы кезінде емтихандардың өткізілуін бақылау және мониторинг жүргізу үшін жалпы университеттік және факультеттік жұмыс комиссиялары, сондай-ақ «Таза сессия» Штабы құрылады.
- 8.2. Оқытушылар және/немесе университет қызметкерлері тарапынан ереже бұзушылық орын алған жағдайда білім алушы жоғарыда көрсетілген комиссиялардың кез-келгеніне тиісті жазбаша өтініш беруі қажет. Комиссия білім алушының өтінішін 3 жұмыс күні ішінде қарастыруға және өтініш берушіге қабылданған шаралар туралы ақпаратты беруге міндетті.
- 8.3. Білім алушылар тарапынан ереже бұзушылық орын алған жағдайда кезекші оқытушылар немесе мониторинг бойынша комиссия мүшелері ереже бұзушылықты тіркейтін акт рәсімдейді. **Актілер шағымдануға жатпайды және апелляцияда қарастырылмайды.**